мемлекеттік тілдегі қысқаша атауы: «Магистральдық Суағызғы» ЖШС;

орыс тіліндегі қысқаша атауы: ТОО «Магистральный Водовод»;

ағылшын тіліндегі қысқаша атауы: «Main Waterline» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері: 060002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайырғали Смағұлов көшесі, 12-үй.

5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектеусіз.

2-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. Серіктестік оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеген кезден бастап заңды тұлға құқығын алады.

2. Серіктестік Қазақстан Республикасы шегінде және Қазақстан Республикасы шегінен тыс Серіктестіктің өзі орналасқан жерден сырт филиалдарын, өкілдіктерін және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелерін құра алады.

3. Серіктестік филиалдары, өкілдіктері және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелері белгіленген тәртіпте бекітілген өздері туралы ережелерге сәйкес әрекет етеді және өз қызметтерінде Заңнаманы, тіркеген елдің заңнамасын және Жарғыны басшылыққа алады.

2) мемлекеттік тілде және орыс тілінде Серіктестіктің толық атауы бар мөрі, мөртабандары және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген тауар таңбасы мен белгісі (рәмізі) болуына;

3) меншігінде оқшау мүлкі, сондай-ақ дербес теңгерімі болуына;

4) өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға, міндеттемелер алуына;

5) Заңнамамен, шетелдік заңды тұлғалар тіркеген елдің заңнамасымен және Жарғымен көзделген тәртіпте заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттерін, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға;

6) басқа заңды тұлғалармен бірлестікке (одаққа) кіруге;

7) сотта талапкер және жауапкер болуға;

8) Заңға, Заңнамаға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

2. Серіктестік міндетті:

1) Заңды, Заңнаманы және Жарғыны сақтауға;

2) белгіленген тәртіпте салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

3) өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап беруге;

4) Заңға, Заңнамаға сәйкес жауапты болуға;

5) Заңмен, Заңнамамен және (немесе) Жарғымен өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға.

5-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Жалғыз қатысушының құқығы бар:

1) Заңмен және Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік қызметі туралы ақпаратты алуға әрі оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Серіктестік қызметінен Заңға, Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес кіріс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысудан кейін қалған мүліктердің бөлігінің құнын немесе Жалғыз қатысушының шешімі бойынша оның мүліктерінің бөлігін заттай алуға;

5) Заңмен көзделген тәртіпте өз үлесінің бөлігін иеліктен шығаруға не өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды доғаруға;

6) Заңмен, Заңнамамен және (немесе) Жарғымен көзделген өзінің құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімін сот тәртібінде даулауға.

Жалғыз қатысушының Заңмен, Заңнамамен және Жарғымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

87/11

А.А.А.А.А.А.

2. Жалғыз қатысушы міндетті:

- 1) Жарғы талаптарын сақтауға;
- 2) Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;
- 3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді ашпауға;
- 4) Жарғы 1-бабының 2-тармағында көрсетілген Жалғыз қатысушыға қатысты мәліметтердің өзгергені туралы Серіктестіктің Бас директорына жазбаша хабарлауға.

Жалғыз қатысушы Заңмен, Заңнамамен және Жарғымен көзделген басқа да міндеттерді алуы мүмкін.

6-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІКТЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫШ АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

1. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің топтық веб-сайтында немесе «Юридическая газета», «Заң газеті» газеттерінде жариялайды.

2. Өзінің Жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ұсыну Заңға, Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат болып танылады:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Бақылау кеңесі, Бас директоры, Тексеру комиссиясы қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің қарыз және қаржылық көмек бергені және алғаны;

3) Серіктестіктің қызметтің әлдебір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға арналған лицензиялар алуы, олардың қолданысын тоқтата тұруы немесе доғаруы, сондай-ақ Серіктестіктің бұрын алған қызметтің әлдебір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға арналған лицензияларынан айырылуы;

4) Серіктестіктің қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға келісім алуы;

5) Серіктестің бүкіл мүлкінің немесе бөлігінің қамаққа немесе кепілзатқа алынуы;

6) төтенше сипаты бар мәнжайлар болуы нәтижесінде теңгерімдік құны Серіктестік активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын Серіктестік мүлкі жойылған мәнжайлардың болуы;

7) Серіктестіктің және оның лауазымды адамдарының Серіктестік қызметіне қатысты теріс қылықтары үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылуы;

8) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол болған ретте);

10) топтық дау бойынша сотта іс қозғалуы туралы ақпарат;

11) Заңнамаға және Жалғыз қатысушының шешім(дер)іне сәйкес Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

4. Қатысушы мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпаратты ол пайда болған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Жалғыз қатысушының назарына жеткізуге міндетті.

5. Топтық дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы ақпарат Серіктестік топтық дау бойынша азаматтық іс жөнінде тиісті сот хабарламасын немесе шақыруын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей Жалғыз қатысушыға ұсынылуы тиіс.

6. Жалғыз қатысушының Жарғының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттар көшірмелерін өзіне ұсыну туралы сауалы бойынша Серіктестік егер сауалда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, сауалды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей оларды сұраушыға белгіленген тәртіпте ұсынуға міндетті.

7. Серіктестік қызметі туралы ақпаратты жарғылық капиталға қатысу үлестерін сатып алушыларға ұсыну, ақпаратты ұсыну тәртібі мен көлемі осындай үлестерді сатып алу туралы алдын ала шарт аясында тараптардың келісімі бойынша, тараптар арасында құпия ақпаратты ашпау туралы келісімге белгіленген тәртіпте қол қойылғаннан кейін белгіленеді.

8. Серіктестік қызметіне қатысты және «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген құжаттарды Серіктестік өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Серіктестіктің атқарушы органы орналасқан жерде сақтауы тиіс.

Өзге құжаттар Заңнамаға және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарға сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

9. Серіктестік Жалғыз қатысушының және үлестер сатып алушылардың талап етуі бойынша оларға құжаттар көшірмелерін Жарғымен анықталған тәртіпте ұсынуға міндетті. «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар, Жалғыз қатысушыға мәлім болған Серіктестік қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзыретіндегі мәселелер бойынша Заңнамамен көзделген жағдайларда оларды қоспағанда үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге де нысанда беріле алмайды.

10. Серіктестік өзінің үлестес тұлғалары ұсынған мәліметтер негізінде олардың есебін жүргізеді.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары болатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік пайда болған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Серіктестікке ұсынуға міндетті. Үлестестігі доғарылған жеке және заңды тұлғалар бұл туралы Серіктестікті үлестестік доғарылған кезден бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабардар етеді.

7-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 28 000 000 000 (жиырма сегіз миллиард) теңгені құрайды.

2. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүлктік құқықтар, жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік Серіктестіктің жарғылық капиталына салым бола алады.

Жеке мүлктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге жол берілмейді.

3. Серіктестік мүлкі жарғылық капиталға жарналар, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызмет кірістері есебінен, сондай-ақ қарыз қаражат есебінен, Серіктестік Заңнамамен тыйым салынбаған тәртіпте сатып алған немесе алған басқа да мүліктен құралады.

4. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестік жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

5. Серіктестік жарғылық капиталының өзгертілуі (көбейтілуі немесе азайтылуы) Заңнамамен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Серіктестік жарғылық капиталының көбейтілуі мынадай жолмен жүзеге асырыла алады:

- 1) Жалғыз қатысушы жасайтын қосымша салымдар;
- 2) жарғылық капитал мөлшерін Серіктестіктің өз капиталы есебінен, соның ішінде өзінің резерв капиталы есебінен көбейту;
- 3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау.

Серіктестіктің жарғылық капиталы оның мемлекеттік тіркелуі кезіне Заңнамамен белгіленген ең аз мөлшерден төмен кемітілуіне жол берілмейді.

7. Серіктестік мүлкі оның теңгерімінде ескеріледі.

8. Қаржылық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін Серіктестік Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелдік банкілерде немесе басқа да қаржы ұйымдарында теңгеде және/немесе шетелдік валютада қарыздар түрінде қаржыландыру тартуға құқылы.

9. Серіктестік резерв капитал және (немесе) Серіктестік залалдарын және шығындарын жабу үшін қажетті өзге де қорлар құра алады. Резерв капиталға және (немесе) қорларға жыл сайынғы аударымдар мөлшері Жалғыз қатысушының шешім(дер)імен анықталады.

8-БАП. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

1. Серіктестік органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз қатысушы;
- 2) бақылаушы-қадағалаушы орган – Бақылау кеңесі;
- 3) жеке-дара атқарушы орган – Бас директор;
- 4) бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы.

82/11-

Ақ. 11. 2011

Серіктестіктің лауазымды адамдары – Бақылау кеңесінің мүшелері және Бас директор.

9-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

1. Жалғыз қатысушы Серіктестік қызметін жеке-дара басқарады, Заңмен, Заңнамамен және Жарғымен өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша ресімделеді.

2. Мәселелерді Жалғыз қатысушының қарауына шығаруға Серіктестіктің Бақылау кеңесі, Бас директоры немесе Тексеру комиссиясы бастамашылық ете алады.

Тарату үдерісінде мәселелерді Жалғыз қатысушының қарауына шығаруға Серіктестіктің тарату комиссиясы да бастамашылық ете алады.

Заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда мәселелерді Жалғыз қатысушының қарауына шығару бойынша шығыстарды Серіктестік көтереді.

Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

3. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады:

1) оның жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Бақылау кеңесін, оның ішінде Бақылау кеңесінің төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімнен бұрын доғару, Бақылау кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Бақылау кеңесі туралы ережені бекіту;

3) Серіктестік Бас директорын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімнен бұрын доғару, Бас директордың өкілеттік мерзімін, лауазымдық айлықақысы мөлшерін, еңбегіне ақы, сыйлық төлеу және әлеуметтік демеу шарттарын анықтау, Бас директорды тәртіптік жауаптылыққа тарту және оны жұмыстан шеттетуге;

4) Серіктестік Тексеру комиссиясын, оның ішінде Тексеру комиссиясының төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімнен бұрын доғару, Тексеру комиссиясының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ Тексеру комиссиясының есептерін және қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ заңды тұлғалар құруы (заңды тұлғалар құруға қатысуы туралы), басқа заңды тұлғалар акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы және (немесе) иеліктен шығаруы туралы шешім;

6) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілзатқа қою туралы шешім;

7) Серіктестікті (Серіктестік жарғылық капиталына қатысу үлестерін) немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын анықтау;

8.9.11

[Handwritten signature]

25

8) Заңға сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

9) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту, Серіктестіктің таза кірісін бөлу, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза кірісті бөлу;

12) Жалғыз қатысушы бекіткен тізбе бойынша Серіктестік ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

13) мәміле (мәмілелер) нәтижесінде Серіктестік активтері теңгерімдік құны жалпы мөлшерінің елу бір және одан да астам пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Серіктестіктің жасасуың мақұлдау туралы шешім қабылдау;

14) Серіктестік міндеттемелерін 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден асатын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;

15) топтық басқару кодексін бекіту;

16) шешімдер қабылдау Заңмен, Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, сондай-ақ Жалғыз қатысушы немесе «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен құжаттармен Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер.

4. Жалғыз қатысушы Жарғыда өзінің құзыреті қалай анықталғанына қарамастан, Серіктестік қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдап алуға құқылы.

5. Жалғыз қатысушы Серіктестік ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

6. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Серіктестіктің өзге органдарының қарауына беріле алмайды.

10-БАП. БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ

1. Бақылау кеңесі Бас директордың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган және өз қызметін Заңға, Заңнамаға, Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарға сай ұйымдастырады.

Бақылау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауапты болады.

Бақылау кеңесі Бас директордың қызметін ұдайы бақылауға, Серіктестік қызметі Заңға, Заңнамаға және Серіктестік Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуын қадағалауға міндетті.

Бақылау кеңесі Бас директордың қызметін бақылауды олақ жүзеге асыруының салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Бақылау кеңесінің мүшелері Заңға және Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

2. Бас директор қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында Бақылау кеңесі өз бастамасы бойынша Жалғыз қатысушы және Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша кез келген өзге құжаттаманы немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

Бақылау кеңесі Жалғыз қатысушының сауалы бойынша оның қарауына Серіктестік қызметін тұтастай бағалауды қамтитын есепті және оның қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды беруге міндетті.

3. Серіктестіктің Бақылау кеңесі кемінде үш адам санында сайланады. Бақылау кеңесінің мүшесі бір мезгілде Бас директордың қызметін атқара алмайды.

Бақылау кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз мәрте қайта сайланулары мүмкін.

Бақылау кеңесінің мүшесі өз міндеттерін әрі қарай орындаудан бас тарту туралы кез келген уақытта Бақылау кеңесіне жазбаша хабарлама беріп, одан бас тарта алады.

Бақылау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын доғарылған жағдайда Бақылау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Бақылау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас Бақылау кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде бітеді.

4. Бақылау кеңесін төраға басқарады, оны Жалғыз қатысушы Бақылау кеңесі мүшелерінің ішінен тағайындайды.

5. Бақылау кеңесінің мүшелері өз міндеттерін жеке өзі орындайды. Бақылау кеңесі, егер оның отырысына Бақылау кеңесінің сайланған мүшелері жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

6. Бақылау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Бақылау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең түскен жағдайда, Бақылау кеңесінің төрағасы немесе оның міндетін атқаратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

Бақылау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның міндетін Бақылау кеңесінің бір мүшесі төрағаның нұсқауы бойынша немесе Бақылау кеңесінің шешіміне сәйкес атқарады.

7. Бақылау кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай шақырылуы тиіс. Бақылау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасымен, Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің кез келген мүшесінің және Бас директордың талап етуімен шақырылуы мүмкін. Бақылау кеңесінің отырысына Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты белгіленген шектеулер ескеріле отырып, басқа да адамдар (сарапшылар, мамандар, жұмыскерлер және т.б.) шақырылуы мүмкін.

8. 111

Handwritten signature

27

8. Бақылау кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Бақылау кеңесінің төрағасы қабылдайды. Бақылау кеңесі сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

9. Бақылау кеңесінің мүшелері бейнемәжіліс (интерактивті дыбыстыбейнелі байланыс), мәжіліс-байланыс («телефонмен кеңес өткізу») тәртібінде Бақылау кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі), сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы Бақылау кеңесінің отырысына қатыса алады. Мұндай отырысқа Жарғының осы бабының 5-тармағында көзделген көншілік құрамға қатысты талаптар қолданылады.

Бақылау кеңесі отырысының хаттамалары мен Бақылау кеңесінің шешімдері Серіктестікте белгіленген тәртіпте сақталады.

10. Бақылау кеңесі Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие.

Бақылау кеңесінің талабы бойынша Бас директор қажетті түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша нысанда беруге міндетті.

11. Бақылау кеңесінің құзыретіне мына мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестік Бюджетін және (немесе) Бизнес-жоспарын, Серіктестік Бюджетіне және (немесе) Бизнес-жоспарына түзетулерді бекіту және олардың орындалуын бақылау;

2) Серіктестіктің ұйымдық құрамын және әкімшілік-басқарушы қызметшілер штат санын қоса алғанда жұмыскерлердің жалпы штат санын бекіту;

3) Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақы тәсімдерін бекіту;

4) Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен сыртта Серіктестік филиалдарын, өкілдіктерін және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелерін құру туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ олардың басшыларын тағайындау;

5) Серіктестік Бюджетін және (немесе) Бизнес-жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалуын бақылау тәртібін бекіту;

6) Бақылау кеңесі бекіткен тізбе бойынша ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

7) Серіктестіктің міндеттемелерін 500 000 000-нан (бес жүз миллионнан) астам теңгеден 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеге дейін сомаға ұлғайту туралы шешім;

8) Серіктестік мүлкінің бөлігін кепілзатқа қою туралы шешім;

9) үшінші тұлғалардың міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуге Серіктестіктің кепілдік беруі туралы шешім қабылдау;

10) Бақылау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

11) «Самұрық-Қазына» АҚ саясатын ескере отырып, Серіктестіктің қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

12) тәуекелдерді басқару бойынша Серіктестік саясатын және ішкі рәсімдерін бекіту, осындай рәсімдердің сақталуын және тиімділігіне талдау жасалуын, сондай-ақ жетілдірілуін қамтамасыз ету;

13) Бас директордың басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын келісу;

14) тағайындау Бақылау кеңесімен келісуге жататын лауазымдар тізбесін анықтау;

15) шешімдер қабылдау Заңмен, Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Бақылау кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер, сондай-ақ Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі немесе «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен құжаттармен Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

11-БАП. БАС ДИРЕКТОР

1. Бас директор жеке-дара атқарушы орган болады, ол Жалғыз қатысушыға және Бақылау кеңесіне есеп береді және Жалғыз қатысушы мен Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

Бас директормен еңбек қатынастары Заңнамаға және еңбек шартына сәйкес реттеледі. Бас директордың қызметі, құқықтары және міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттармен, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын еңбек шартымен анықталады.

2. Бас директор Серіктестікке өзі келтірген залалдарын Заңнамаға сәйкес өтеуі туралы Жалғыз қатысушының талабы бойынша жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3. Бас директор Серіктестіктің қызметіне ағымдағы басшылықты және оның істерін жүргізуді жүзеге асырады әрі Заңға, Заңнамаға, Жарғыға және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарға сай Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің және Тексеру комиссиясының айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселені шешуге уәкілетті.

4. Серіктестік Бас директорының өкілеттіктері:

1) Серіктестіктің мүдделерін білдіреді;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда шарттарға, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Серіктестік атынан өкілдік ету құқығына, соның ішінде қайта сенім тапсыру құқығымен сенімхаттар береді;

4) Серіктестік жұмысын ұйымдастырады және Серіктестіктің ағымдағы және келешектегі жоспарларының, бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді, Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, Серіктестік Бюджетінің және (немесе) Бизнес-жоспарының орындалуына әрі қаржы қорларының мақсатты пайдаланылуына жауапты болады, өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Серіктестік қызметкерлерінің біріне жүктейді;

5) Жалғыз қатысушы, Бақылау кеңесі шешімдерінің, сондай-ақ Тексеру комиссиясы ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

6) Серіктестік Жалғыз қатысушысына Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту үшін дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады;

7) Бақылау кеңесіне Серіктестік филиалдарын, өкілдіктерін және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелерін құру немесе жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) Серіктестіктің ұйымдық құрылымы және әкімшілік-басқару қызметшілерінің штат санын қоса алғанда жұмыскерлерінің жалпы штат саны бойынша ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ Серіктестіктің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелерінің ұйымдық құрылымын ескере отырып және Бақылау кеңесі бекіткен Серіктестік жұмыскерлері жалпы штат санының, әкімшілік-басқару қызметшілері штат санының шегінде штат кестесін бекітеді;

9) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін, бекіту Жалғыз қатысушының және Бақылау кеңесінің құзыретіне жататын құжаттар тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;

10) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің таза кірісін бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза кірісті бөлу туралы ұсыныстар береді;

11) Серіктестік филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де аумақтық оқшау құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үлестіреді;

12) Жалғыз қатысушыға, Бақылау кеңесіне Заңмен, Заңнамамен, Жарғымен немесе Серіктестік ішкі қызметін реттейтін құжаттармен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы есептерді және өзге де ақпаратты ұсынады;

13) шешімдер қабылдау Жалғыз қатысушының және Бақылау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Бас директор бастамашылық еткен құжаттарды олардың қарауы үшін дайындайды;

14) Серіктестік жұмыскерлерімен еңбек шарттарын Серіктестік атынан жасасады және бұзады, Серіктестік жұмыскерлерін тағайындау, оларды ауыстыру және босату туралы бұйрықтар шығарады, өз құзыреті шегінде еңбекке ақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемақылар мөлшерін белгілейді, сыйлық беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазаларды қолданады;

15) Серіктестіктің банкілік және басқа да шоттарын ашады, Серіктестік төлем құжаттарына қол қояды;

16) Жалғыз қатысушы және Бақылау кеңесі алдында Серіктестік қызметі үшін жауапты болады;

17) өз құзыреті шегінде Серіктестік жұмыскерлерінің барлығының орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, нұсқаулар береді;

18) Серіктестіктің ағымдағы қызметімен байланысты және Жалғыз қатысушының, Бақылау кеңесінің және Тексеру комиссиясының айрықша

құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселе бойынша шешімдер қабылдайды.

5. Серіктестіктің Бас директорына тыйым салынады:

1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен мәміледен мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз беру, өтемсіз пайдалану, сатып алу-сағу және т.б. шарттарын қоса алғанда) жасасуға;

2) Серіктестік үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;

3) Серіктестікпен қатынастарда үшінші тұлғалар атынан немесе олардың мүддесін білдіруге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

5) Бақылау кеңесінің келісімінсіз басқа ұйымдарда, соның ішінде басқа заңды тұлға атқарушы органының басшысы не атқарушы органы қызметін жеке-дара жүзеге асыратын адам қызметінде жұмыс істеуге.

Осы тармақтың 1) – 3) тармақшаларымен көзделген шектеулер Бас директордың жұбайына, барлық тікелей туған-туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілеріне және апа-қарындас-сіңлілеріне қолданылады.

6. Бас директор Бақылау кеңесінің төрағасымен шетелдік іссапарларын келіседі.

12-БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

1. Жалғыз қатысушы Бас директордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушы анықтаған мерзімге Тексеру комиссиясын құрады.

2. Тексеру комиссиясының мүшелері бір мезгілде Бас директор қызметін атқара алмайды.

3. Тексеру комиссиясы кез келген уақытқа Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін Серіктестіктің бүкіл құжаттамасына сөзсіз қолжетімділік құқығына ие. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Бас директор ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірулер беруге міндетті.

4. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіткенге дейін Тексеру комиссиясы оған міндетті түрде тексеру жүргізеді. Тексеру комиссиясының қорытындысынсыз не белгіленген тәртіпте тартылатын аудитордың қорытындысынсыз Жалғыз қатысушының жылдық қаржылық есептілікті бекітуге құқығы жоқ.

5. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттармен анықталады.

6. Серіктестік қызметін жетілдіру мақсатында Серіктестік қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, топтық басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласында бағалауды

[Handwritten signature]

[Handwritten signature]

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі де жүзеге асыра алады.

13-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ

1. Серіктестіктің қаржылық жылы Серіктестікті тіркеу күніне басталатын бірінші қаржылық жылды қоспағанда күнтізбелік жылмен сәйкес келеді.

2. Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамамен белгіленеді.

3. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және оның дұрыстығын растау үшін Серіктестік Серіктестікпен, Бас директормен, Бақылау кеңесімен немесе Жалғыз қатысушымен мүліктік мүдделермен байланыспаған аудиторлық ұйымды (сыртқы аудит) тартуға құқылы.

Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудитті өз есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.

4. Аудит міндетті болғанда не оны жүргізуді Жалғыз қатысушы талап еткенде, егер Бас директор Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның не Жалғыз қатысушының арызы бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

5. Серіктестік есеп жүргізу мен есептілік жүргізу тәртібінің сақталуы әрі шынайылығы үшін Заңнамаға сәйкес жауапты болады.

6. Бас директор жыл сайын Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің өткен жылға Тексеру комиссиясының қорытындысы бар жылдық қаржылық есептілігін ұсынады.

14-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ

1. Серіктестіктің кірісі оның бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша жылдық қаржылық есептілік негізінде анықталады.

2. Серіктестіктің бір жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кіріс Жалғыз қатысушының Серіктестік қызметінің тиісті жылға нәтижелерін бекіту туралы шешіміне сәйкес бөлінеді. Қажет болған жағдайда Жалғыз қатысушы жылдық қаржылық есептілікті бекітуге және кірісті тоқсан қорытындысы бойынша бөлуге құқылы.

3. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің таза кірісін немесе оның бөлігін Жалғыз қатысушыға төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Серіктестік төлемді Жалғыз қатысушымен келісілген, бірақ таза кірісті бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде ақшалай нысанда жасауы тиіс.

5. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің бүкіл жарғылық капиталын толық төлегенге дейін кіріс алуға құқылы емес.

15-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ДОҒАРУ


1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру, тарату және оның қызметін доғару Заңнамамен көзделген тәртіпте және негіздер бойынша жүзеге асырылады.

16-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Егер Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз болып қалса, онда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын әрі құқықтық тұрғыдан жол берілетін ережемен ауыстырылады.

2. Жарғымен реттелмеген барлық мәселе Заңнамамен реттеледі.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
бас директоры
(Басқарма төрағасы)**




Д. Досанов


Handwritten mark

Handwritten mark

Пятнадцатое декабря две тысячи семнадцатого года, Я, Абдыкаримова Зауреш Мажкеновна, нотариус города Астана, действующая на основании государственной лицензии № 0001295 от 06 февраля 2003 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора(председателя Правления) Акционерного общества «КазТрансОйл» гр. Досанова Димаша Габитовича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «КазТрансОйл» проверены.



Зарегистрировано в реестре за № 6388
Взыскано: госпошлина+техуслуги
Нотариус _____



Пролитуровано и проинформировано
на 34 страницах

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 13/2018 пункт 17

Астана қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

13 декабря 2018 г.

город Астана


**О внесении дополнений в Устав товарищества с ограниченной
ответственностью «Магистральный Водовод»**

Совет директоров АО «КазТрансОйл» **РЕШИЛ:**

17.1. Внести дополнения в Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Магистральный Водовод» согласно приложению к настоящему решению.

17.2. Настоящее решение в соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» считать решением Единственного участника ТОО «Магистральный Водовод».

Корпоративный секретарь



А. Шманов

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 7/2019 пункт 9

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

«18» сентября 2019 ж.г.

город Нур-Султан

**О внесении дополнения в Устав товарищества с ограниченной
ответственностью «Магистральный Водовод»**


Совет директоров АО «КазТрансОйл» **РЕШИЛ:**

9.1. Внести в Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Магистральный Водовод», утвержденный решением Единственного участника ТОО «Магистральный Водовод» от 13 декабря 2017 года (протокол заседания Совета директоров КТО №11/2017), следующее дополнение:

пункт 11 статьи 10 дополнить подпунктом 14-1) следующего содержания:
«14-1) определение аудиторской организации для проведения аудита финансовой отчетности ТОО «Магистральный Водовод»;».

9.2. Настоящее решение в соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» считать решением Единственного участника ТОО «Магистральный Водовод».

Корпоративный секретарь



А. Шмапов

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 14/2022 пункт 10

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

«1» сентября 2022 ж.г.

город Нур-Султан

**Об увеличении уставного капитала ТОО «Магистральный Водовод» и
внесении изменения в Устав ТОО «Магистральный Водовод»**

Совет директоров АО «КазТрансОйл» РЕШИЛ:

10.1. Увеличить уставный капитал ТОО «Магистральный Водовод» путем внесения дополнительного вклада деньгами в размере 2 600 000 000 (два миллиарда шестьсот миллионов) тенге.

10.2. Внести в Устав ТОО «Магистральный Водовод», утвержденный решением Единственного участника ТОО «Магистральный Водовод» от 13 декабря 2017 года (протокол заседания Совета директоров АО «КазТрансОйл» №11/2017), изменение согласно приложению к настоящему протоколу.

10.3. Генеральному директору ТОО «Магистральный Водовод» Салпек Б.С. в установленном порядке обеспечить принятие необходимых мер, вытекающих из настоящего решения.

10.4. Настоящее решение в соответствии с Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» является решением Единственного участника ТОО «Магистральный Водовод».

Корпоративный секретарь



000785

Приложение к протоколу заседания
Совета директоров АО «КазТрансОйл»
от « 9 » сентября 2022 года № 14/2022



Внесено решением
Единственного участника
товарищества с ограниченной
ответственностью
«Магистральный Водовод»
(протокол заседания Совета директоров
АО «КазТрансОйл»
от « ____ » _____ 2022 года № ____)

Изменение в Устав ТОО «Магистральный Водовод»

Пункт 1 статьи 7 изложить в следующей редакции:

«1. Уставный капитал Товарищества составляет 84 135 534 507 (восемьдесят четыре миллиарда сто тридцать пять миллионов пятьсот тридцать четыре тысячи пятьсот семь) тенге.».